

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қарашадағы N 1147 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің  
2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығына  
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 528 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарының 21-тармағын орындау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 7, 73-кұжат; 2004 ж., N 14, 173-кұжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтағы "Мәдениет" деген сөзден кейін ", ақпарат және спорт" деген сөздермен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарлама паспорты" деген 1-бөлімде: үшінші абзацтағы "Мәдениет" деген сөзден кейін ", ақпарат және спорт" деген сөздермен толықтырылсын;

"Міндеттері" деген бесінші абзац мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"мемлекеттік тілді насихаттауды және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізуді жүзеге асыру . " ;

"Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері" деген 4-бөлімінің 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік тілді насихаттауды және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізуді жүзеге асыру";

"Тілдік дамудың басым бағыттары мен бағдарламаны іске асырудың тетіктері" деген 5-бөлімнің "Тілдік дамудың басым бағыттары" деген 5.1-кіші бөлімінде:

"Тіл - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында" деген тарауда: бірінші абзацтағы "Мәдениет" деген сөзден кейін ", ақпарат және спорт" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік басқару, заңнама сот ісін жүргізу салаларында, Қарулы күштер мен құқық қорғау органдарында, халықаралық қызмет мемлекеттік тілді қолдану жөніндегі шараларды қабылдау және қолдану қажет.";

"Білім беру және тіл оқыту салаларында тілдік даму" деген тарау мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Еліміздің рухани-адамгершілік дамуы және мемлекеттік тілге деген қызығушылығын дарыту мақсатында мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліндегі көркем, танымдық әдебиетпен, әдістемелік құралдармен, мерзімді басылымдармен толық және сапалы қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажет.";

"Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары, денсаулық сақтау мен халыққа қызмет көрсету салаларындағы тілдік даму" деген тарау мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттік тілді насихаттау және енгізу жөніндегі, вербальдық және визуалдық әсер ету шараларын әзірлеу қажет.";

мынадай мазмұндағы 5.1-1-кіші бөліммен толықтырылсын:

**" 5.1-1. Мемлекеттік тілді насихаттау және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізу**

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың басты шарты - Қазақстан Республикасының Конституциясын, тіл туралы заңнаманы сақтау жөніндегі дәйекті шараларды жүзеге асыру, мемлекеттік тілді республиканың барлық азаматтарының еркін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастыру, материалдық және техникалық жағдай жасау болып табылады.

Ол үшін сапалы жаңа оқу бағдарламалары, оқу және әдістемелік, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде де құралдар жасалуы қажет. Компьютерлік бағдарламаларды жасау кезінде инновациялық технологияларды пайдалануға ерекше көңіл бөлінген жөн.

Осыған байланысты, мемлекеттік тілдің дамуына және оны қоғамдық өмірдің барлық салаларына енгізуге әсер ететін қазіргі заманғы озық тәжірибе мен практиканы б а р ы н ш а п а й д а л а н у қ а ж е т .

Ол үшін барлық өңірлерде, бірінші кезекте ауылдық жерлерде қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын мектепке дейінгі балалар мекемелерінің санын, республиканың оқу орындарындағы қазақ тілі сағаттарының санын ұлғайтуды, оқыту сапасын арттыруды, мемлекеттік қызметшілердің және меншік нысанына қарамастан, басқа санаттағы қызметкерлердің мемлекеттік тілді кеңінен оқуын қамтамасыз ету.

Бұқаралық ақпарат құралдарының оңтайлы тілдік орта қалыптастыру, халықтың түрлі тобына арналған әр алуан көкейкесті бағдарламалар шығару жолымен көркемдік талғамға тәрбиелеу жөніндегі рөлін арттыру қажет.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитеті мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту республикалық орталығының мәртебесін одан әрі арттыру және оның материалдық-техникалық базасын нығайту талап етіледі. Республиканың барлық өңірлерінде мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту бойынша о с ы ғ а н ұ қ с а с о р т а л ы қ т а р құру қажет.

Лингвистика бойынша мамандарды тарта отырып және бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдаланып, қазақ терминологиялық лексикасын біріздендіруді қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастырған жөн.

Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін тіл саясаты саласындағы нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру жөніндегі ш а р а л а р д ы қ о л д а н у қ а ж е т .

Мемлекетаралық ынтымақтастық практикасында халықаралық шарттарды дайындау және жасасу кезінде мемлекеттік тілді пайдалану міндетті талап болуы тиіс. Ресми іс-шараларды, бұл ретте басқа тілдерге сапалы ілеспе аударманы қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік тілде жүргізу қажет. Нормативтік құқықтық кесімдер, лауазымды тұлғалардың сөздері, қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттар ең алдымен мемлекеттік тілде дайындалуы тиіс.

Мемлекеттік тіл бірқатар мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан, өзге де ұйымдарда қолданылмайды немесе мардымсыз қолданылады. Осыған байланысты, мемлекеттік органдар және меншік нысанына қарамастан, өзге де ұйымдар іс жүргізуді, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттаманы 2010 жылға дейін мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіруді жүзеге асыру бойынша қажетті жұмыс жүргізуі қажет.

Мемлекеттік тілді насихаттау және енгізу жалпы тіл жағдайына жасалған нақты әрі ғылыми талдаусыз табысты бола алмайды. Социологиялық және социолингвистикалық мониторинг тілдік процестердің серпінін және демографиялық, әлеуметтік, этникалық өлшем бойынша оның өңірлік саралануын көрсететін тіл саясатындағы тұрақты түзетулерді қамтамасыз етуі тиіс.";

"Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтиже" деген 7-бөлім мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарында іс жүргізуді мемлекеттік тілге мынадай кезең-кезеңімен көшіру жүзеге асырылатын болады:

2006 жылы - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының жергілікті өкілдік және атқарушы органдары;

2007 жылы - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі, Алматы, Павлодар облыстарының және Астана қаласының жергілікті өкілдік және атқарушы органдары;

2008 жылы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының жергілікті өкілдік және атқарушы органдары;

2009 жылы - Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі."

2. Осы Жарлық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК